

**Балқаш ауданы әкімдігінің жанындағы
жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
сараптамалық кеңес құру туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына және «Жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестер туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1090 қаулысына сәйкес, Балқаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балқаш ауданы әкімдігінің жанындағы жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңес осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес құрылсын.

2. Балқаш ауданы әкімдігінің жанындағы жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің Ережесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Балқаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 21 қыркүйектегі «Балқаш ауданы әкімдігінің жанындағы жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңес құру туралы» №146 санды қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Дәрібаев Бауыржан Темірғалиұлына жүктелсін.

Аудан әкімі

Ғ.Токпейісов

Балқаш ауданы әкімдігінің
2019 жылғы «__» _____
№__ қаулысының
1-қосымшасы

Балқаш ауданы әкімдігінің жанындағы жеке кәсіпкерлік мәселелері
жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы

1	Дәрібаев Бауыржан Темірғалиұлы	-	аудан әкімінің орынбасары, сараптамалық кеңестің төрағасы;
2	Несіпбаев Береке Ұзақбайұлы		аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы, сараптамалық кеңес төрағасының орынбасары;
3	Нақыпбаев Жомарт	-	аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы, сараптамалық кеңестің хатшысы;
Кеңес мүшелері:			
4	Өмірбаев Алпысбай Жандосұлы	-	аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы,;
5	Мұқанов Бүркіт Амангелдіұлы	-	аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы;
6	Аймақов Айдар Жанатұлы	-	жеке кәсіпкер (келісім бойынша);
7	Қосаев Мақсат Әбсаматұлы	-	жеке кәсіпкер, аудандық маслихат депутаты (келісім бойынша);
8	Әбдібаев Бөріхан Нарымбетұлы	-	Алматы облысының кәсіпкерлік палатасы Балқаш аудандық филиалының директоры (келісім бойынша).